



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 40/684

02 октября 2020 года

# Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

1-қазан – Қариялар күні

Ұлы Жеңіске 75 жыл

## ҚАРТТАР – АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

Халықаралық қарттар күні – бұл аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Бұл – жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет. Ардагерлер қажеттілігінен алшақ қалмай, үлкендерге құрмет көрсету халықтың мәдениеттілігін сипаттайтын негізгі белгі.



Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол» деген ұлағатты сөз бар. «Қарты бар үй – қазыналы үй» деп бекер айтылмаған. Бірінші қазан – халықаралық қарттар күні. Біздің мемлекетіміз қарттарды қатты құрметтейді. Оларға үлкен құрмет көрсетіп, жан-жақты қамқор болады. Қазақстанның өсіп-өнуіне, өркендеуіне қосқан үйіміздің төрінде отырған ақсақалды аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміздің үлесі үлкен. Біз сияқты ұрпақты тәрбиелеп, өз ақылдарын айтып, өсіп келе жатқан жастарға өз баталарын беріп отырады. Бұл күн саналы ғұмырларын Отан деп, ел-жұртым деп тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол шарқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Біздің ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлықтай, тамаша тәлім-тәрбие берерліктей өсиет сөздер бар. Баланың рухани өсуіне ата мен әженің ықпалы зор. Олар ең алдымен балаға тіл игеруге көмектеседі. Көшеде жүргенде ортадан үйренген қолайсыз сөздерге тыйым салады. Бұның бәрі – тәрбие. Осындай қазыналы қариялар біздің қаламызда да баршылық. Атап айтқанда Сайлау қажы, Мұхамбетияр, Қырым, Есен, Әділхан, Фахредин ағаларымыз және олардың ізін басып келе жатқан өзге де қала қарияларының өнегелі сөздері мен өткен өмірлері өскелең ұрпаққа үлгі.

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп, инабат үрдістерінің қаншалықты кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, инабат тағылымымен үлкендерге деген қарым-қатынастарында оны мүлтіксіз жүзеге асырылуына байланысты. Қарттарды құрметтемейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтымақпен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы,

адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Өз отбасынан жылу таппаған қаншама қарттарымыз қарттар үйлерінде өмірлерін жалғастыруда. Қарттар үйі – жасы ұлғайып, қараусыз қалған қарттарымызды қамқорлыққа алатын, әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылады және ол мемлекеттік мекеме. Қартау – биологиялық процесс, белгілі бір жасқа жеткеннен кейін организмнің мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуі. Қай жерде де ата-анаға қызмет көрсетуге тиістілігінді ұмыту әсте жарамайды. Қарт адамдардың үйретуге де, ақыл айтуға да моральдік құқы бар. Бұл моральдік құқыны құрметтей білу керек. Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әкешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол – үйіне олардан артық құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің несі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ – ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты. Бабалар сөзі – кешегі өткен қариялардан, ғұлама ойшылдар мен шешен-билерден, ақын-жыраулар мен сал-серілерден мұра, мирас болып қалған ұлы тәрбие құралы. Біздің ата-бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты, ғибрат аларлықтай тамаша тәлім-тәрбие берерліктей өсиет сөздер бар. Баланың рухани өсуіне ата мен әженің ықпалы зор. Олар ең алдымен балаға тіл игеруге көмектеседі. Көшеде жүргенде ортадан үйренген қолайсыз сөздерге тыйым салады.

Приозерск қалалық «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» өз тарапынан ең аз зейнетақы алатын зейнеткерлерге 800 мың теңгеге 80 зейнеткерге сыйлық дайындап жатқаны туралы мақаланың жазылуы барысында мәлімет алдық. Ақылдың кені болар ата-әжелерімізді төл мерекелерімен газет редакциясы атынан хәм өз тарапынан құттықтай отырып, дендеріне саулық, бастарына бақ-береке, ұзақ өмір, шағ-шадыман көңіл, қазыналы қарттықты бақытын тілейміз және жырдан сыйлық ұсынамыз!

Өмірінің өткен көктем, жазы да, Болған кеше батыр мен би, қазы да. Самайларын қырау шалған қарттарым, Бүгіндері ұрпақтарға қазына.

Бәсең желдің ызыңы бар өз-үнде, Бұл қарттарын ұста келер әзілге. Өткен күндер шежіресі жазулы маңдайдағы шимайланған әжімде.

Көрген қызық, қиындық та өмірде, Қанша сыр бар кір шалмаған көңілде. Ұрпақтарын бәліғатқа жеткізіп, Отырар қарт үйінің кең төрінде.

Қартқа сәлем берер бек те, төре де, Алар одан өсер ұрпақ өнеге. Үйден ұзап шыға қалса бір мезет, «Аташым» деп сағынады немере.

Немерелер күтер одан ертегі, Қариялар қилы әңгіме шертеді. Сонау қалған күндерінде сан тарау, Аралаған олар байтақ өлкені.

Қарт – қадірлі саған жына маған да, Жеткізген де солар мына заманға. Ешқашанда мұң шалмасын жүздерін, Көнекөздер аман болсын, эманда!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.

Суретте: батағой қария Н.Қарбозов.

## ТҮН АЖДАҒАСЫ – ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласында толарсақтан саз кешіп, жан-қиярлықпен соғысқан қазақ қыздары аз емес. Олардың арасынан Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың Кеңес Одағының Батыры атағын дүниеден өткен соң алғанынан барша қазақ хабардар. Мәншүк пулетші болса, Әлия мерген болып әскери қызмет атқарған. Ал, әуеде самғап, ұшқыш қатарында болған және ерлердің ерен үлгісін көрсеткен және сол ерлігіне сай фашистер тарапынан «Түн аждаһасы» атанып, дұшпанға үнемі үрей тудырып жүрген Хиуаз анамыздың өмір жолы туралы көпшілік қауым әлі де бейхабар екенін байқаймыз.

Соны ескере отырып, бүгінгі мақаламызға Хиуаз Қадырқызының өмір тарихынан сыр шертуді құп көрдік. Оқырмандарға қажет мағлұмат беруге тырысамыз.

Хиуазды көрген адам ажарына көз тоқтатпай өте алмайтын, көңілді, аңғал, алғыр, қайсар да тентек, тәні де, жаны да бірдей сұлу қыз болған деседі оның көзін көріп, жанына жақын жүргендер. Дала аруы Хиуазды жауынгер құрбылары да осылайша сипаттайды. Қандай табылған сөз. Хиуаз көрікті, ибалы, ақылды, намысқой, парасатты, жан-тәні бірдей сұлу. Ұлттың рухын сақтайтын қыздар мәртебесін қазақ ежелден жоғары бағалапты. Төртін оң жағынан орын берген сүйіктісі қазақтар күннің көзінен, желдің өтінен қорғапты. Алаштың дара еркесі, ай маңдайлы ару Хиуаз Қадырқызы II Дүние-жүзілік соғыста әйгілі 46-гвардиялық Тамань әуе полкінде жауға қырғидай тиген ұшқыш, нағыз қыран болған. Фашистер Хиуаз сұлуды неліктен «түн аждаһасы» деп атаған? Сонымен, Хиуаз кім?

Хиуаз Доспанова Атырау облысы Құрманғазы ауданы Зормата ауылында 1922-жылы мамыр айында өмірге келген. Бала кезінен намысқой қыз інісін қорғаймын деп аула бұзықтарының, ересек ер балалардың мұрнын талай қан қылған екен. Хиуаз Орал қаласындағы орта мектептің соңғы сыныбында оқып жүргенде аэроклубқа қатысып, запастағы ұшқыш деген куәлік алды. Аспанға ғашық қыз арманының алғашқы қадамдары осылай басталады. Мектепті үздік бітірген бойжеткен бала күнгі арманын аркалап Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына оқуға келеді. Алайда, қазақ даласынан келген қыздың құжаттары қабылданбайды. Алғашқы сәтсіздігін елемеген ол Мәскеу Медицина Институтына тапсырып, емтихансыз қабылданады. Арада 1 жыл өткеннен кейін, 1941-жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Хиуаз Қадырқызы ұшқыш Марина Раскованың қыз-келіншектерден жасакталған авиаполкына сұранып, командирге өжеттігімен танылып, әскери құрамға қабылданады. Жедел дайындықтан өткен қыз-келіншектер жасағы 1942-жылдың мамырында майдан даласына енеді.

Хиуаздың ең алғашқы ұрысы немістердің Майндорф бекетін бомбалаудан басталады. Әр ұшақта екі қыздан бір сағатта 120 шақырымды бағындыруы тиіс. Әрбір қыз бір түнде 5-10 рет жау тылына шабылдауға міндеті. Хиуаз анамыздың естеліктерінде: «Біздің тек түнде ұшатын кішкентай У-2 ұшағы фашистердің зәре-құтын қашыратын» деп жазады. Түн тыныштығын бұзған бұл қыран қыздарды немістер «Түн аждаһалары» деп атайды.

Хиуаз батыр 1943-жылдың көктемінде Кавказ үшін ұрыста аяғы сынып ауыр жаракат алады. Бас хирургтің «аяғымен жүре алмайды» деген дәрігерлік қортындыны елемеген екінші топтағы мүгедек майданға



қайта беттейді. Майдандас құрбылары өздігінен жүріп-тұра алмайтын Хиуазды ұшаққа аркалап отырғызып жүреді. Қыздарға салмақ салмайын деп, ұшақ кабинасында қалатын сәттері жиі болған. Осылайша «түн аждаһалары» Кубан, Тамань, Беларусь, Қырым, Польша елдерін түгел азат етті. Аңызға бергісіз қазақтың қайсар қызы Хиуаз сұлу 300-ден аса жауынгерлік операция орындап, аса маңызды жау бекеттерін талқандайды. Кавказ үшін арпалыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Кавказды азат еткені үшін» ордендерімен марапатталады. Ал, Қырым шайқасындағы ерлігі үшін «Екінші дәрежелі Отан соғысы» орденімен қоса аға лейтенант шені беріледі. Сондай-ақ «Бірінші дәрежелі Отан соғысы», «Варшаваны азат еткені үшін» және «Германия түбіндегі жеңіс» ордендері беріледі. Кеңес Одағы батыл, намыстан жаралған, өз аяғымен жерді тең баса алмайтын екінші топтағы мүгедек дала қыранының көзсіз ерлігін әділ бағаламады, батыр атағын қиманды, дұрысы – қызғанды.

Фашистер «түнгі аждаһа» деп иманын үйірген, Ұлы Отан соғысында айрықша ерлік көрсеткен ұшқышқа өз Отаны 2004-жылы ғана 82 жасында Халық қаһарманына тағын лайықтап, батыр деп ардақтады. 23 жасында мүгедек болған қызға авиация тек өткен өмір белесі болып қалды. Аяқталмаған медицина институтындағы оқуын жалғастырмақ болады, алайда, батырға партия қызметі ұсынылады. Алматы қаласындағы Жоғарғы партия мектебінде оқи жүріп, ол болашақ жары Шәку Әмірөвпен танысады. Ұлы Ерболат дүниеге келеді. Ол қазір Алматыдағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде оқытушы. Хиуаз Қадырқызы партия қызметінде жүріп «Медеу» спорт кешенін, басқа да қазақ-стандықтар үшін әлеуметтік маңызды нысандарды салуға көп күш жұмсайды. Соғыстағы жаракаты қинап, 1959-жылы зейнетке шығуға мәжбүр болды. Оның сол кезден Халық қаһарманы атағын алған 2004-жылға дейінгі өмірі бізге беймәлім, батыр жайлы ақпараттар жоқ, ол жылдарда апамыз ұмыт қалған сынайлы. Батыр өмірінің соңғы күндері ауыр сырқат зардабынан далаға мүлдем шықпады деседі. Аяулы апа 2008-жылы мамыр айында дүниеден озды, бірақ аты өшкен емес. Батырға туған жері Атырауда ескерткіш орнатылып, спорт сарайына, Алматы қаласында өзі тұрған көшеге, «ЭйрАстана» әуекомпаниясы Эмбреа-190 ұшағына Хиуаз Қайырқызы Доспанова аты берілді. Міне, қазақтың жеке-дара ұшқыш қызы – Хиуаз апамыздың біз білетін қысқаша өмір тарихы осындай.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі





1-қазан – Қариялар күні

## ҚАРТТАРҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Қазақстанда да жыл сайын бұл күн қарттарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне әрі мемлекетіміздің қалыптасуына қосқан зор үлестеріне сай сый-құрмет көрсетіледі.

Мерекенің мақсаты жастарға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету керектігін түсіндіру.

Іс-шарада кітапханамыз қызметкерлері жиналған қарттарымызға



Қашанда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі. Елімізде қарт адамдарға деген ықылас жыл сайын артып, мемлекет тарапынан оларға көрсетілетін көмектің көлемі де ұлғайып келеді. Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз.

Қарттар күніне орай «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ-нің «Білім» орталығында «Қарттарға құрмет - ұрпаққа міндет» тақырыбында мерекелік іс-шара болып өтті. Іс-шараға кітапханамыздың «Сырласу» клубының мүшелері де қатысты.

өз өнерлерін көрсетіп атаулы мерекемен құттықтады және қарттардың өнегелі сөздерін тыңдап, үлкендер олардың концертін тамашалады. Домбыра мен әндер айтылып күйлер тартылды. Сонымен қатар оқырмандар назарына «Қарттарым - асыл қазынам» атты презентация көрсетіліп «Қарттарым қадірлеген ел ардақты» атты кітап көрмесі де ұйымдастырылды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» КММ

...Өз тіліңді құрметте!

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ-ОРТАҚ ҚАЗЫНА



Ғасырлар бойы тіл мәселесі сол тілде сөйлеп, өмір сүретін, өз тілінен сусындаған, сол тілде ұрпақтан ұрпаққа мәдени-ғылыми ескерткіштер қалдырып отырған халықтың мәселесі. Мемлекет болып қалыптасудың негізгі белгілері немесе ұстанымы, халықтың тұратын аумағы, сөйлейтін тілі болуы шарт. Әрбір халықтың ана тілі бар десек, өз ана тіліміздің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау жұрнағына дейін өзіндік мәні бар киелі ұғым. Ұлтқа ана тілінен қымбат еш нәрсе болмауы тиіс. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақтың тілінде қазақтың сары сахара даласы, жусанды белдері, айдын шалқар көлдері, біресе қараңғы түнде қалғыған таулары, желсіз түндегі тынық айы, сайын даладағы жайбаракат өмір кешкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы, дархан мінезі айқын көрінеді.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында, қазақ тілі енді ұлт аралық қатынас тіліне айналуға тиісті, соған біз

келдік, жеттік соған қажеттілік туындап отырғанын жеткізді. Күнделікті өмірде байқалатыны, Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің көпшілігі қазақ тілін түсінеді, бірақ сөйлемейді. Оның басты себебі ретінде қазақтардың өздерінің ана тілін жеткілікті білмейтіні, сол тілде сөйлеуін тілге тиек етеді. Жасыратыны жоқ, күнделікті өмірде байқалатыны, қалалық жерлерде балалар тұрмақ, орта буын өкілдерінің өзі өз тілінде сөйлесе бермейді, бұл әсіресе көпшілік жүретін қоғамдық орындарда жиі байқалады. Ұлттың тілінің қолданылу аясының тарыла бастауы ең әуелі қазақтардың өзіне байланысты болып отыр, тілге деген немқұрайлылық, жанашырлықтың жоқтығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде үстем болуына кедергі келтіруде. Көптеген жағдайларда, балалардың тілінің қазақ тілінен орыс тіліне қарай ауысуын, ата-аналар қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында, әсіресе телехабарларда балаларға арналған қазақша хабарлардың тартымдылығының төмендігінен көруі жай сылтау, немқұрайлылық, ұлттық патриотизмнің жоқтығы деп түсінуіміз қажет. Мұндай жағдай кезінде патшалық Ресейде орын алған, сол кезде орыс ақсүйектері француз тілінде сөйлеп, сол тілде балаларына француз ұлтынан мұғалімдер алдырып, оқытқан.

Отбасыда ана тілінде сөйлемеу, балалармен өз тілінде сөйлеспеу, ана тілінде көркем әдебиет оқымау, радио, теледидар хабарларын тыңдамау, көпшілік шаралардың, әсіресе ресми жиындардың басым бөлігінің орыс тілінде өтуі ана тілдің

## ТІЛ – ӘРДАЙЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекеттік тілдің мүшкіл халі өтіп жатқан жылдар барысында өзекті мәселе ретінде ешқашан сөзсайыс сахнасынан түскен емес. Тілдің жайы саясат төңірегінде жүрген сөз ұстайтын азаматтардың да жанын жегідей жейтін мәселе екендігін байқап, бағамдап жүргеніміз тағы шындық.

Өз елінде өгей баланың күйін кешкен ана тіліміз – мемлекеттік тілдің жанашырлары, жоқтаушылары да жыл сайын көбейіп келе жатқаны жасырын емес. Осы мәселеге қатысты жуықта ғана баспасөз беттерінде һәм әлеуметтік желілерді жарияланған Тіл комитетінің төрағасы, білікті журналист Әділбек Қабаның «Қажеттілік» атты жазбасын газет оқырмандарының назарына сол қалпында ұсынуды жөн санадық. Автордың ойымен өз басым толық келісемін және қолдаймын. Жазбаға газет оқырмандарының да баса назар аударғанын қалайтын және өтінер едім.

Қажеттілік. Мемлекеттік тілді еліміздің әр азаматы өз бетімен үйренуге, таза сөйлеп, жазуға, өмірде қолдануға құлықты болуы үшін алдымен осы қажеттілік болуы керек. Сонда ғана қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тілге, еліміздегі ұлттаралық қатынас тіліне айналдыруға мүмкіндік бар. Ал ол қажеттілікті туғызудың екі жолы бары белгілі. Біріншісі, заңмен міндеттеу, бақылауды күшейту. Екіншісі, әр азаматтың тілді үйренуге деген құлшынысын ояту, жағдай туғызу, орта қалыптастыру, патриоттық рухын, сүйіспеншілігін арттыру. Біріншісінің жайы белгілі, қоғам Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға жақындап келе жатыр. Ал екіншісі, яғни тілді үйренуге деген құлшынысты ояту, қажеттілік туғызу күн сайын және тоқтаусыз жүргізілетін жұмыс. Тіл комитеті төрағасы қызметіне тағайындалған он күн ішінде осы бағытта жасалған жұмыстарға назар аударта кетейін.

Бірінші, Президенттің естігін мемлекет саясатын жүзеге асыру үшін, еліміздегі барша БАҚ пен әлеуметтік желілердегі тілге қатысты айтылған мәселелер мен жарияланымдарға мониторинг жасап, жедел назар аударуды, қажетті шаралар қабылдауды қолға алдық.

Екінші, еліміздегі терминолог ғалымдар мен мамандарды жинап, онлайн конференция өткізіп, онда елімізде осы уақытқа дейін мақұлданған 27 мың терминге қайта мониторинг жасап, сәтсіз терминдерден арылу міндетін қойдық. Сондай ақ терминдерді Үкіметтік комиссиямен бекітуге ұсыну туралы қарар қабылдадық.

Үшінші, латын әліпбиін жетілдіру мәселесі бойынша түркі тілді елдер арасында ғылыми конференция өткізіп, әліпбиімізді халықаралық деңгейде талқыладық. Оған Түркия, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдовия, Қарақалпақстан, Татарстан, тағы басқа

қолданылу аясын барынша тарылтып, мемлекеттік тіл ретінде барынша қалыптаспауына теріс әсер етіп отыр. Алысқа барып керегі жоқ, айналамызға қарасақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен болсын, осы елде тұратын басқа ұлт өкілдерінің барлығы сол тілде еркін сөйлеп, еркін жазады. Демек, қазақ тілінің өз елімізде мемлекеттік тіл ретінде үстемдік құруы ең алдымен қазақтардың өзіне байланысты болып отыр.

Сондықтан, қазақ елінде қазақ тілі – мемлекеттік тіл ретінде өркендеуі қажет десек, оған тек қазақ халқы ғана емес, Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа ұлт өкілдері де үлес қосуы керек. Қазақ тілін үйрену, сол тілде сөйлеу және жазу өзі тұрып жатқан мемлекетті құрметтеу, сол елдің толыққанды азаматы болып қалыптасу, болмай-ақ қойсын, қиын-қыстау күн туындаған жағдайда ереулі атқа ер салып, егеулі найза қолға алып, ерлердің ісін жасайтын азамат екендігін көрсететіндігіне шүба келтірмеуі тиіс.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Қай ұлттың өкілі болмасын Қазақстанда



елдерден ғалымдар қатысып, әліпби жасаудағы және латын графикасына көшудегі мәселелер туралы ғылыми баяндама жасады. Түркі тілдес мемлекеттер арасында Тіл саласы ғалымдары арасындағы Ассоциация құру мәселесі көтерілді.

Төртінші, Тіл комитетінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында және Тіл мәселелерін әлеуметпен бірлесе талқылап отыру үшін фейсбук, инстаграм әлеуметтік желілерінде Тіл комитетінің акаунттарын аштық. Енді сіздерді толғандыратын мәселелерді, тілге қатысты заңсыздықтарды осы жерде жаза аласыздар. Мүмкіндігінше тез назарға алып, шешімін ұсынуға тырысатын боламыз.

Бесінші, үш тілді еркін меңгерген, қазақ тілді жастар арасында байқау өткіздік. Олардың тіл үйрену тәжірибесі тіл оқыту орталықтарына ұсынылатын болады.

Алтыншы, Республика бойынша мемлекеттік тілді оқытатын тіл орталықтары оқытушылары арасында сынақ өткізіп, ең озық оқытушыны анықтадық. Ендігі жерде озып шыққан оқытушының ұтымды оқыту әдістемесі еліміздегі 99 тіл оқыту орталықтарына, басқа да тіл үйретуші мамандаға ұсынылатын болады.

Жетінші, еліміздегі мемлекеттік тілдің мәселелерін үздіксіз көтеріп жүрген ұлтжанды азаматтардың басын қосатын «ТІЛ ЖАНАШЫРЫ» онлайн тобын құрдық. Мақсат – Президенттің мемлекеттік тілді ұлттаралық қатынас тіліне айналдыру идеясын жүзеге асыру тұрғысында тілге бірлесе қызмет ету. Онлайн топқа тіліне, ұлтына қарамастан өзін тіл жанашыры санайтын кез келген азамат қатысып, пікірін білдіре алады. (Егер өзіңізді тіл жанашыры санасаңыз, айтарыңыз, қосар үлесіңіз бар болса, қосыламын, қолдаймын деп аты-жөніңізді жазып, телефоныңызды қалдыруыңызға болады).

Сонымен Тіл комитеті жаңаша жұмыс істей бастады. Бұл бағытта Сіздерге арқа сүйейтініміз анық. Іске сәт!

**Тіліміз мәңгі болсын!**

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
газеттің арнаулы тілшісі.

тұрады екен, оны қасиетті де киелі Отаным деп мойындап, оның гүлденуі үшін қызмет етуі тиіс. Басқа ұлт өкілдері де, Қазақстанның азаматы екендігін жан - тәнімен түйсініп, қазақ тілінің еркін қолданылуына жанашыр болуы қажет.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде мәңгілік өмір сүру үшін мемлекеттік тілдің барлық салада кеңінен қолданылуын қамтамасыз ету қажет, ол үшін осы мемлекетте тұратын халықтардың бірлігі қажет. Халықтардың тату-тәтті, ынтымақты өмір сүруі үшін елде қолайлы жағдайлар жасалған. Демек, мемлекеттік тілдің аясының кеңіп, барынша кеңінен қолданылуы елімізде тұрып барлық ұлттардың ортақ мәселесі болуы тиіс, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардың тарапынан кешенді, нәтижелі жұмыстар жүргізілуі керек.

**Ахметчина Д.К.,**  
Приозерск қаласының №2 ЖОББМ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің  
мұғалімі



## УСТАЗ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

4-қазан – Ұстаздар күні

**Ұстаз – баланың жеке тұлғасын қалып тастырушы, маңызды тәлім-тәрбие, өнегенің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын сағатып, арманын көкке ұмсын дырушы тұлға.**

**М. Жұмабаев.**

Педагог – Ежелгі Грекияда байдың баласына ақыл-кеңесін айтып жетектеп жүретін, колонер мен соғысу тәсілдеріне үйрететін қызметшінің атауы. Баланың мектепке бару-келуі мен қауіпсіздігіне де жауап берген. Содан бері көп дүние өзгерді. Бірақ, білім жүйесін жетелеп келе жатырған ұстаздардың арқасында адамзат алға ұмтылумен келеді. Ғылым-білімнің негізін қалауда, адамның дүниеге көзқарасының қалыптасуына, мәдениет пен өрке-ниеттің дамуына үлкен үлес қосып жүрген мұғалімдердің еңбегі екені баршаға аян. Ұстаздарға арналған атаулы күннің шығу тарихы да қызық. 1965-жылы 29-қыркүйекте Кеңес Одағы Жоғарғы Кеңес Президиумы Жарлығымен мұғалімдер күні қазан айының алғашқы жексенбісі деп бекітілді. Ұстаздар күнінің әлемдік деңгейде аталып отуыне мұрындық болған Біріккен Ұлттар Ұйымы. Бұл күнге 1966-жыл 5-қазанда Парижде өткен мұғалімдердің мәртебесі туралы арнайы үкімет-аралық конференция тарихи негіз салды. Нәтижесінде ЮНЕСКО мен Халықаралық еңбек ұйымының өкілдері «Мұғалімдердің мәртебесіне қатысты ұсыныстар» құжатына қол қойды 1994-жылы ЮНЕСКО ұсынысымен 5-қазан – Бүкіл-әлемдік мұғалімдер күні деп жарияланды. Содан бастап 5-қазан – мұғалімдер, оқытушылар және білім саласында еңбек етіп жүрген барлық қызметкерлердің Дүниежүзілік күні. Біздің елімізде бұл күн қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтіледі.

Ұстаз – ұлы тұлға. Мұғалім балаға жеке тұлға ретінде қарай отырып, тәрбиелі, білімді, мәдениетті болуына ықпалын тигізеді. Тәлім-тәрбие беріп, баланың арман-қиялын көкке жеткізетін де, осы – ұстаз. Ұстаз деген сөзге лайық болу үшін, білімді, шығармашыл болу тиіс. Ол үшін әрқашан біліктілігін арттырып, үнемі тынбай еңбек етіп отыру қажет. Адамзат баласы жер бетіне жаралғаннан бастап ілім іздеп, оқу оқумен қатар жер жаһанның құпия сырлырын ашумен келеді. Талмай еңбек ету мен ізденістің арқасында өзіне де,

өзге де дүниенің құпиясын ашып көрсетпек. Осы тұрғыда еңбегі өлшеусіз, өз баласынан өзгенің баласын артық көріп, қамқор бола білетін жан ол – ұстаз. Өз бойындағы жақсы қасиеттерді, алған білімін шәкіртінің бойына дарытып, аянбай еңбек ететін жандар. «Ұстаз ұлы – тұлға» дегендей бәріміз де ұстаз алдынан өттік. Ұстаздың еңбегінің арқасында президент те, әкім де, не бір өнертапқыш та, ғалым да,



ғарышкер де, ақын, әнші, биші... бәрі де ұстаздың салған сара жолымен жүрген жандар десем қателеспеймін. Таңнан қара кешке дейін мектеп партасымен бірге барлық өмірін бала тәрбиесіне арнап, сапалы білім берумен қатар өмірге дұрыс бағыт-бағдар бере білетін жан. Дүниеде көптеген мамандық иесі бар десек, солардың ең қиыны ұрпақ тәрбиесіне, сол ұрпақтың ертең қандай адамзат болып өсуіне ұстаздың тікелей қатысы бар.

Білім сапаны көтеру, тек мұғалім мен оқушының қолында. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі

тұлға – мұғалім. Мұғалім мамандығы ауыр мамандық. Ол адамнан тек аса жоғары білімді ғана емес, сонымен қатар рухани күш пен табандылықты және батылдықты да талап етеді. Мұғалім ұстаным, көзқарас, шешім, іс-әрекет қағидаларын орындаса, оқушыларының алдында өз беделін жоғалтпайды деп ойлаймын. Ұстаз дегеніміз, қандайда бір кез-келген мамандық деуге болмайды. Өйткені ұстаз ұғымы қадірлі де қастерлі. Ұстаз нұр сыйлаушы. Егер ұстаз ізгілік жолында таза жүрекпен ғажайып өмірге үлкен мақсаттар қойып, сол мақсатқа жауапкершілікпен, адал ниетпен қол жеткізсе, ол оның өмірінің мәнді де сәнді

олардың еңбектері, жасаған жақсылықтары келешегі кемел жастарымыз үшін бақытты өмір сүрудің керемет кепілі деуге болады. Сондықтан да бомысы құндылықтарға толы жандардың еңбектерін, астарлы әңгімелерін ұстанымдай етіп, мән-мағынасын біле жүре, оқи отыра керемет өмірдің қызықтарына кенелеміз, өмірдің мәнін ұғынамыз, жарқын әлем сүйіспеншілігінен нұрлана отыра бақытты өмір сүреміз деуге болады. Әркім өз тағдырын өз қолымен жасайды. Қазіргі жаһандану кезінде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Сондықтан да өзін-өзі тану сынды құндылыққа толы пәндер арқылы әркімнің жүрегіне жол табуға және жер бетінде ізгілік, қарапайымдылық, сүйіспеншілік орнатуға болады.

Қаламыздағы қос мектепте атына заты сай, балаларға білім нұрымен қатар тиянақты тәрбие беріп жүрген ұстаздар баршылық. №1 мектептен Зылиға Эралиева, Серік Тәңкібаев, Маржанкүл Хизирова, Орынбек Әйтпенбетов, Бибисара Сағатова, Гүлмира Қыдырбаева, Ақмарал Аманқұлова, Гүлзейнеп Қонысбекова, Жолдыбай Жалғасбаев, Айжамал Мықтыбаева, Сәуле Шамкенова, Асылгүл Сәрсенбаева және Гүлбашын Мұратова, сондай-ақ №2 мектептен Данагүл Абдығалпарова, Гүлфаридда Амантаева, Дидар Ахметшина, Узулай Бажарханова, Мария Давлетиярова, Пернегүл Ержанова, Гаухар Кожумова, Мейрамкүл Қошметова, Динара Мақажанова, Шахсия Таирова, Мейрамгүл Андрейсова, Еңлік Жабағиева және Сейдулла Таусоғаров, Мұхан Мадешов, Бахытжан Исақовтарды мақтап, мадақтауға лайық, өз мамандықтарының нас шеберлері деп айтуға болады.

«Мен болмасам, сіз барсыз, үміт еткен ұрпағым», - деп Ы.Алтынсарин ағамыздық сеніммен айтып өткендей, болашақ ұрпағымыз білімді, көзі ашық, көкірегі ояу, шығармашыл болу үшін ұстаздар тынбай білімін жетілдіріп, талмай еңбектену керек. Соның арқасында ұрпағымыз ұқыпты болса, болашағымыз жарқын болады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей әрқашан тынымсыз еңбек етуден жалықпаңыздар. Төл мерекелеріңіз құтты болсын!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**  
саяси арнаулы тілшісі.

**Мектеп атты құтты мекеннен, ұстаздан адамзат баласының барлығы тәлім-тәрбие алып, өсіп-өнеді. Дана халқымыз: «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дегендей ұлағатты ұстаздарымыздан білім алып, оқушылық кәсібін тандап, бүгінгі таңда ұстаздарға білім нәріні беріп, ұстаз атанып, ұлы істің игі жолында аянбай қызмет жасап келеміз.**

«Ұстаздық - ұлы іс» - деп кеменгер жазушымыз М. Әуезов айтқандай, мұғалім - мамандық болса, ұстаздық қасиет, табиғат дарытқан құдірет екен. Бойына қуат, жүрегіне жарық жігер беріп өрге сүйрейтін де, жанына азық, өміріңе өзек боп төрге сүйрейтін де осы ұстаздық қасиет. Бүкіл ұстаздар қауымын әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады. Осындай қызығы мен қиыншылығы мол мамандықты мен де тандадым. Себебі, ұстаз болу – бала кездегі арманым болатын. Сол арманға жеттім деп айта аламын. Ұстаз болғаным мақтанамын. Өйткені бұл – мақтан тұтар мамандық. Киелі әрі өте көне ұлы мамандық. Бірақ «Ұстаздық жолы қиын бұралаң, Істей алмас бұл жұмысты құр адам» - деген сөзді естен шығармаған жөн. Әр адам – қай-таланбас тұлға. Оның жан дүниесі – өзінше бір әлем. Ал, ұстаз сол әлемді шар-тарапқа жетелеуші. Бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі. ХХІ ғасырдың нағыз ұстазы қандай болмақ? Әрине, өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат қуатын салу керектігін айтпаса да түсінікті. Бұл – әркімнің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, жоғары идеялы адамға тән қасиет. Сондай-ақ, ұстаз күнбе күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі

кездейсоқ жайттардың оң шешімін табуға дайын болуы тиіс. Ендеше, бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда жас ұланда-рымыздың биіктен көрнуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеніміз арқылы қол жеткіземіз. Осы мәселенің бәрін жинақтай келе жаңа заман мұғаліміне сай – рефлексияға қабілетті, өзін-өзі дамытуға талпын-ған әдіс-тәсілге



бай, зерттеушілік қабілеті жоғары, дидактикалық, әдістемелік, ақпараттық және басқа құзіреттіліктің жоғары деңгейімен сипатталған рухани адамгершілікті шығармашыл тұлға болуымыз керек. Ендігі алдағы үлкен

арманым да, көздеген мақсатым да шеберлігі шыңдалған, тәжірибесі мол ұстаз атанып, бәсекеге қабілетті болу.

Елбасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» дейді. Менің ойымша, мұндай қасиеттерді адам бойына тек қана ұлағатты ұстаздар ғана дарыта алары сөзсіз. Ұстаз бен оның елеулі еңбегі жайлы айта берсек сөз жетпейді. Қазіргі кезде елімізде болып жатқан жағдайға байланысты ұстаздар қауымы қашықтан оқыту форматында еңбек етуде. Бұл бағытта да ұстаздар өз біліктіліктерін жоғары деңгейде көрсетуде. №2 жалпы орта білім беретін мектептің ұстаздарын, қаламыздағы барша ұстаздар қауымын, келе жатқан кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Толағай еңбектеріне жеміс, отбасыларына амандық тілей отыра, өз ойымды аяқтасам. Кімнің де болмасын мектеп өмірінде ерекше есінде қалған тәлім алған ұстаздары бар, сондықтан өз ойымды өлең шумақтарымен қорытындылауды жөн деп білдім.

Ұстазыма бүкпесіз сырым мәлім Сырым мәлім және де жырым, әнім "Құласаң да қанша рет талпынған жөн" Үйрендім өзіңізден мұның бәрін!

Жарығын жағып талай түнектердің, Мектептен түлеп ұшқан түлектердің Лаулатып, сөнбестей қып отын жаққан, Кішкентай, жұдырықтай жүректердің!

**Сейдікәрім Нұрсұлтан Асхат ұлы**  
№2 ЖОББМ аға тәлімгері,  
музыка пәні мұғалімі.  
Суретте: №2 ЖОББМ ұстаздары

## УСТАЗ ТУРАЛЫ ОЙ



## ПРЕЗИДЕНТТІК КАДР РЕЗЕРВІНІҢ ЖЕҢІМПАЗЫ «АДАЛДЫҚ САҒАТЫН» ӨТКІЗДІ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жаңа форматтағы «Адалдық сағатын» өткізді.

Бұл «Адалдық сағаты» қазақстандық жастар үшін жаңа тұлға, замандас және табысты жас көшбасшы Ренат Бектұровты танытқанымен ерекшеленді.

Ренат Бектұров 1984 жылы 13 қазанда Алматы облысында дүниеге келген. Astana International Exchange Басқарма мүшесі.

Қаржылық қызмет көрсету саласында 10 жылдан аса жұмыс тәжірибесі бар. Ол ТМД аймағындағы сукук (ислам бағалы қағаздары) алғашқы шығарылымы сияқты борыштық капитал нарығындағы бірқатар маңызды мәмілелерге қатысқан.

Ренат Лестер университетін үздік бітіріп, банк ісі және қаржы саласында магистр дәрежесін иеленген, сондай-ақ сертификатталған қаржы аналитигі дәрежесіне ие (CFA Charter Holder).

Президенттік жастар кадр резервинде бірінші орынға ие болды.

Р.Бектұров өз сөзінде ұлы Абайдың тағылымын алға тартып, «Парасаттылық деген талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым сияқты адами қасиеттердің жиынтығы», - деді.

Сондай-ақ жастарды табанды еңбек етуге, тұлғалық дамуға және патриот

болуға шақырды. Оның пікірінше, жетістіктің құпия тұздығы – сәттілік, бірақ негізгі құрамдас бөлігі – еңбек.

Ол өзінің жеке өмірі мен мансабында жетістікке жетуге мүмкіндік берген әділеттілік пен адалдық сияқты өмірлік құндылықтарымен бөлісті.

Бейне-дәріс барысында көрермендер қандай мектеп мұғалімі өміріне әсер еткенін, оның ойынша жастар үшін сәттіліктің кепілі не екенін және зияткерлік ұлтты қандай қасиеттерді анықтайтынын білді.

Бәрімізге белгілі, «Адалдық сағаты» акциясының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және адалдық, әділдік, инабаттылық және сенім сияқты ең маңызды адамгершілік құндылықтарды дарыту.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

Бейне-дәріске сілтеме:  
<https://www.youtube.com/watch?v=B1Ut1GzT00E&list=PLvN9UMfEpeunSj5IXGTa19CFjkGNXE2UN&index=4>



## ПОБЕДИТЕЛЬ ПРЕЗИДЕНТСКОГО КАДРОВОГО РЕЗЕРВА ПРОВЕЛ «ЧАС ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ»

Сегодня Агентство по противодействию коррупции презентовало «Час добродетели» в новом формате.

Данный «Час добродетели» отличился тем, что раскрыл для казахстанской молодежи новую личность, современника и успешного молодого лидера – Рената Бектұрова.

Ренат Бектұров родился 13 октября 1984 года в Алматинской области. Член Правления Astana International Exchange.

Работает 10 лет в сфере финансовых услуг. Участвовал в ряде знаковых сделок на рынке долгового капитала, таких как первый выпуск сукук (исламские ценные бумаги) в регионе СНГ.

Ренат имеет степень магистра в области банковского дела и финансов с отличием от Университета Лестера, а также степень сертифицированного финансового аналитика (CFA Charter Holder).

Занял первое место в Президентском молодежном кадровом резерве.

Р.Бектұров в своей речи цитируя великого Абая, отметил:

«Добродетельность – это совокупность человеческих качеств, как разум и доброта, упорство, скромность и

труд».

Также призвал молодежь упорно трудиться, развиваться и быть патриотичными. По его мнению, секретным соусом успеха является – удача, но основной ингредиент – труд.

Он поделился своими жизненными ценностями, как справедливость и честность, которые позволили ему достичь успехов в личной жизни и карьере.

В ходе видео-лекции зрители узнали какой школьный учитель оказал на него наибольшее влияние, что является залогом успеха для молодежи, какие качества, по его мнению, определяют интеллектуальную нацию.

Как известно, основная цель акции «Час добродетели» – формирование у подрастающего поколения антикоррупционной культуры и привитие важнейших нравственных ценностей: честность, справедливость, порядочность и доверие.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков» г.Приозерск»

Ссылка на видео-урок:  
<https://www.youtube.com/watch?v=ypEkFGXK3fw&feature=youtu.be>

## МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ҚАЖЕТ ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ қандай мамандық болмасын оның өзіндік талаптары болады. Мамандықтың кез-келгенін игеруге икемділік қажет, бұл жай кунелту немесе тамақ асырау емес, үлкен өнерді, жақсы шеберлікті қажет ететін нәрсе. Меніңше жақсы маман болу үшін ең алдымен өзің таңдаған мамандықты сүйің керек, сол мамандықтың қыры мен сырын жете меңгеруің керек. Сондай-ақ мамандықты таңдаған кезде өзіңнің ыңғайыңа қарай өз жолыңмен қызмет етсең өз басыңа да, елге де үлкен пайдаң тиері сөзсіз. Өзінің бейімділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы да өнімді, берекелі де болмақ. Ж.Аймауытов айтқандай, өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білейік.

Жастар болашақ мамандығын дұрыс таңдай біле ме? Әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына да байланысты екені анық. Сол себепті мамандық таңдау оңай емес. Шыны керек, дәл осы заманда өкінішке қарай кейбір жастарымыз жақсы маман иесі болсам деп ойлай бермейді. Әйтеуір, бір мамандықты таңдай салып, диплом алып шықсам болды дейді. Сонда саны көп, сапасы жоқ дипломнан не пайда? «Түйір нан – тамшы тер» - демекші, жақсы маман иесі болу үшін көп ізденіс, оқу, білім алу, ең бастысы мамандыққа деген сүйіспеншілік қажет. Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың қатарына энергетик, құрылысшы, геолог, радиотехник, инженер, мұнай мен газ, кен ісі сынды мамандықтар аталып жүр және аса қат. Осы салаларда білікті мамандардың керек екені рас. Елімізде «Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы» қолға алынғалы техника мамандарына сұраныс артты. Сонда біздің қоғам қандай мамандарға зәру? Сонымен қатар ауылшаруашылығына мамандар аса қажет. Мал дәрігерлерін, агрономдарды көбірек даярлау керек екенін байқап жүрміз. Сондай-ақ елімізде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарға сұраныс жоғары. Әсіресе, сантехник, электрик, дәнекерлеуші, механик, ағаш ұстасы, слесарь, токарь мамандары тапшы. Мұның себебі мектеп бітірген оқушылардың көбі кәсіптік оқу орындарына барғылары келмейді. Жастардың тілімен айтқанда, бұл мамандық иелері заманауи емес.

–Өкінішке орай, қазіргі кейбір жастар «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүргенді ұнатады. Құрылыс саласында жұмыс атқарып жүргеніме жиырма жылдан асты. Әріптестерім өзіммен қатарлас, арамыздағы ең жас маман 40-45 жас шамасында. Біздің де зейнетке шығатын уақытымыз келеді, сонда осы жұмыстарды кім атқарады, - дейді өзін жақсы танытын құрылысшы інім. Ал кейбір мұғалімдер қазіргі таңда жоғары білікті жас мұғалімдер аз екенін алға тартады. Осындай кемшін түйткілдерді болдырмау үшін, оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс бағыт-бағдар беретін іс-шаралар жиі өтіп тұрса екен дейсін...



Менің замандастарым әлі ұмытпаған болар, ол кезде мектептің жоғарғы сынып оқушыларының алдына әркілі салаларда жетістікке жеткен (құрылысшы, дәнекерлеуші, автокраншы, шопан, жылқышы, түйекеш, жүргізуші, аспаз т.б) кісілер шақырылып, қызықты кездесулер ұйымдастырылатын. Осындай шаралар мен сауал-жауап отырыстары оқушыларға мамандықты таңдауда үлкен ықпал ететіні сөзсіз. Осыған орай тәжірибелі әрі білікті ұстаз, № 1 қазақ орта мектебіндегі математика пәнінің оқытушысы Серік Тәңкібаевты сөзге тартқан болатынмын.

–Қай елде де аса қажетті мамандық-

тардың еңбек нарығынан ығысып, біркелкі мамандықтардың шектен тыс көбейіп кетуіне түрлі факторлардың ықпал ететінін атап келтіруге болады. Ең басты себептердің бірі – мектеп қабырғасында болашақ мамандық таңдауға қатысты жүргізілетін кәсіби бағыт-бағдар беру іс-шараларының тиісті деңгейде болмауында. Сонымен бірге түлектердің қазіргі заман талабына сай мамандықтар мен кәсіп иелері туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етілмеуін де атап өтуге болады. Балалардың мамандық, кәсіп таңдауда жаңылыс баспауына ата-ананың да ықпалы, ақыл-кеңесі өте қажет. Тіпті мұны баласы ес жиып, етек жақпаң күннен бастаса да артық болмас еді. Мен бұны өз басымнан

### Еңбек етсең – емерсің!

таңдауына қаншалықты ықпал ете алады деген секілді түйткілді сауалдар өз алдына бөлек әңгіме. Бұл мәселелерге алдағы уақытта жеке зерттеу-мақала арнап қалатын шығармыз.

Расында, кәсіптік білім беруде шешімін күтіп тұрған мәселелер баршылық. Балалардың кәсіптік білімге деген қызулығын арттыру үшін оларға кәсіптік мамандық туралы көбірек айтуымыз керек секілді. Жастарға, оқушыларға ертерек кәсіптік бағдар бергеніміз абзал. Мамандықты ойлап барып таңдаған жөн. Бұл маңызды іске мектепте көңіл бөлінуі тиіс. Заман талабына сай өмір сүру керек деп жатамыз ғой, олай болса, заманға сай жаңа мамандықтар қажет. Қазіргі жастарға шетел тілін білу, компьютерді жоғары деңгейде қолданып, оның әртүрлі бағдарламаларын игеру талап етіліп отыр. Яғни инновациялық озық технологияларды жоғары деңгейде меңгерген, нанотехнологияларды игерген, компьютерлік бағдарламаларды құрастырушы мамандар – заман талабына сай пайда болып жатқан мамандықтар. Елімізде нанотехнология саласы қолға алынып жатқанын хабардармыз. Бұл сала информатика, физика, химия тәрізді ғылымды жетік меңгерген, біліктілігі мол мамандардың бірлесе отырып жұмыс істеуін керек етеді. Нанотехнология дамыса, онымен бірге химиялық биология, биотехнология өріс алады. Өйткені олар бір-бірімен тығыз байланысты. Газет оқырмандарының пікірінен байқағанымыздай, жастардың көбі кәсіптік мамандықтарға қызыға қоймайды. Неліктен олай? Қайта қоғам қажет етіп отырған зәру мамандықтарды игеруге жастарымыз көбірек баруы керек емес пе? Сұранысы төмен мамандыққа оқып, жұмыс таба алмай отырған жақсы ма, әлде белгілі бір кәсіпті меңгеріп, өз ісінің шебері атанып, өмірде өз жолын тапқан жақсы ма? Біз екіншісін қолдаған болар едік және өскелең ұрпаққа кәсіп пен мамандық таңдауда қателікке жол бермеуін тілейтін едік. Сөз соңын атаққа батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының мына қанатты сөзімен аяқтауды жөн санаймыз: «Жігіт – өз жолын, мамандығын және жарын таңдауда жаңылыспауы тиіс!...».

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ  
газеттің арнаулы  
тілшісі





## САҚАЛ ҚОЮ ИСЛАМНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ ЕМЕС

Иман айнасы

Қазіргі таңда қоғамда мұсылман жастардың сақал қою әрекеттері елдің назарын аудартып, әртүрлі көзқарас-пікірлер туындауда. Өкініштісі, еліміздегі теріс діни ағым мүшелері сақалды ең маңызды ұстанымдардың біріне айналдырып отыр. Бұған қоса олар сақал қоймаған мұсылмандарға деген көзқарастары теріс қалыптасып, сақал өсірмейтіндерді ауыр күнәлармен айыптауда. Сақалын алған адамдарды олар пайғамбарлардың сүннетінен бас тартқандар және Ислам ғалымдарының пікірінен оқшауланған адамдар ретінде пайымдайды. Олар бұл ұстанымдарын пайғамбардың (с.а.у.) сақалға байланысты айтқан хадистерімен дәлелдеуге тырысады. Қазақ даласының ұлы тұлғаларын, хандары мен билерін сақалсыз елестету мүмкін емес. Қазақта «ақсақал», «ата сақалы ауызына түскенше», «сақал - жүздің көркі» - деген қанатты сөздер жайдан жай айтылмаған. Бұның өзі сақалдың бізге жат құбылыс еместігін білдіреді. Шын мәнінде, сақал ежелден Ислам келгеннен бері мұсылмандар арасында қалыптасқан, жалғасын тапқан үрдіс болып келеді. Сақалға байланысты Аллаһтың елшісі (с.а.у.) өз хадисінде: «...Сақалды жіберіндер, мұртты қырындар» - деген. Бұл хадис төңірегінде Ислам ғалымдары түрлі көзқарастар айтқан. Тағы бір Омар ибн Харуннан жеткен хадисте: «Аллаһ елшісі (с.а.у.) сақалды алғанда жандарын қысқартқандай, ұзындығын қысқартатын» - делінген (ат-Тирмизи). Осы секілді хадистерді көптеген ғалымдар алға тартып сақалдың үкімін сүннет амалына жатқызған. Осыған байланысты, сақал Исламда арнайы парыз болып бекітілген амал емес екендігіне де көптеген ғалымдар бірауыздан келіскен. Дегенмен, Ибн Таймия секілді Ханбали мазхабының өкілдері сақалды уәжіп (міндетті) амалына жатқызған. Бірақ, басқа мазхаб өкілдері уәжіп

амалымен келіспей, оны сүннет амалына жатқызған. Мысалы, Мысырдың пәтуа шығару басқармасы (Дар ал-Ифта) сақалға байланысты былай пәтуа шығарған: «Расында сақал пайғамбарлардан (с.а.у.) бері жалғасын тауып келе жатқан үрдіс. Аллаһ елшісі (с.а.у.) қашанда сақалына иіс

байланысты Иордания Королдігінің бұрынғы мұфтиі Нұх Али Сүлеймен (1939-2010) шығарған пәтуасының мазмұнында: «Егер сақалдың ұзындығы отбасында, жұмыс орнында жанжал туғызатын болса, онда шешімін табу үшін білім иелеріне жүгіну керек. Себебі, заманның ағысымен жағдай-



су сеуіп, уақытылы қысқартып жақсылап қарайтын. Шафиғи мазхабының көрнекті өкілдері Имам Науауи, Әбу Уалид ибн Рушд, Қади ибн Журра, Имам Ғазали, Имам Бағауи сақалдың уәжіп амалына жатпайтынын ескертіп кеткен. Сондықтан сақал қою уәжіп амалдар емес, бәлкі мұсылманды өзге дін өкілдерінен ерекшелетін амал. Сонымен қатар адамның киім киінуі, ішіп-жеуі, сыртқы көрінісіне көңіл бөлуі секілді амалдар уәжіп болатындай құлшылық амалдарынан емес екенін естен шығармаған жөн. Сол үшін адам өмір сүріп жатқан қоғаммен санасып, сол қоғамның ағысымен бірге ағу керек». Сондай-ақ, сақалға

лар да өзгеріп отырады. Сондықтан, барлық мәселенің шешімін өз уақытымен байланыстырып отыру керек» (25.01.2010 жылы 464 - пәтуа). Сонымен қатар, белгілі ғалым Мұхаммед Рида өзінің «Мәжәллатулмәнәр» кітабында «Сақал қырыққан күнәһар болмайды» - деп айтып кеткен. Бұған қос, әлемге әйгілі әл-Азхар университетінің беделді ғалымдары «сақал қоюды уәжіп емес, сүннет амалы» - деп атап кеткен. Мәселен, аталмыш университеттің бұрынғы уәкілі Махмуд Ашур былай деген: «...Ардақты сахаба Әбу Бақрде сақал болды және Исламның дұшпаны Әбу Жаһилде де сақал олды. Демек, сақал ол шариғат

аясындағы сүннет емес, бәлкі, әдеп-ғұрыпқа негізделген сүннетамалы қатарына жатады».

Сайып келгенде, қылышынан қаны тамған кеңес одағынан азаттық алып, дініміз бен қайта қауышу дәуірінде қоғамдағы әртүрлі мәселені дінге әкеліп тақай беруге болмайтынын ескерген жөн. «Дін ұстана алсаң - қасиетің, ұстана алмасаң - қасіретің» - деп қазақ бекер айтпаған. Дінді кезкелген мәселенің қолшоқпарына айналдырып, шешімдерді шариғаттан іздей беруге болмайды. Себебі, қоғамдық мәселені заманның ағысымен, халықтың дүниетанымымен сабақтастыра отырып қарастырылған жөн. Түймедей мәселені түйедей етіп, дінімен сағына қауышқан қазақ халқының дінге деген көзқарасын терістеп, сақалдың үкімімен жұртты үрейлендіру асыра сілтеушілік болып табылады. Сақал қою үкімі шариғат бойынша сүннет амалы дедік, демек, сүннет амалын орындасаң, сауапты боласың, ал тәрк етсең, ешқандай күнәһар болмайтынын естен шығармаған жөн. Бұған қоса мұсылман адамның тазалыққа да мән бергені жөн. Яғни, сақалды ұсынысыз етіп, қалай болса, солай қараусыз өсіруге болмайды. Себебі, Ислам - тазалықтың діні. Осыған сәйкес мұсылман күнделікті намаз оқымас бұрын, дәрет алып, бойын тазартып алатыны бекер емес. Ардақты пайғамбардың (с.а.у.) өзі сырт келбетіне жақсы қарағаны туралы деректер жетерлік. Сондықтан кезкелген адам тар ойдың аясында өзгеге түрлі ой салмай, әрбір қоғамда өзінің жанын, тәнін тұлға ретінде қалыпташу үшін үздіксіз тазалыққа, мейірімділікке тәрбиелеуге тырысу керек. Түрлі мәселені талқыға алып, Исламға пайда тигіземін деп, пайдасыз пенденің кебінін киіп қалмаған жөн, ағайын.

Жалғас Асхатұлы,  
Мысыр Араб Республикасы Айн-шамс  
университеті, Тілдер факультетінің  
Араб тілі маманы

### Рухани жаңғыру аясында

Қазақ халқының өткен өміріне бажайылай назар аударып отырсаң, нағыз көрегендіктің, даналықтың, тапқырлық пен білгірліктің үлгісін байқап, тамсана тандай қағуға мәжбүр боласың. Сонымен қатар қазақ елі емшілік, тәуіптік, көріпкелдік, болжампаздық қасиеттерге де кеңінен ие болған. Тағамды талғап жеп, суды тандап ішкен. Біз бұл әңгімемізде қазақтың қонаққа, әсіресе күйеу балаға сыбаға тарту дәстүріне теренірек үнілуді жөн көрдік. Себебі төс тартудың түпкі мағынасында қандай сыр жатқанын бүгінгі ұрпақ түгілі, үлкендердің өзі біле бермейтін үлкен мағына бар.

Еркек қасқаны Құдай Тағала ауырдың астында жүруге жаратқан. Сондықтан білегіне күш, жүрегіне қайрат дарытып баққан. Сөйте тұрып, сірә, асқақтап, шектен шығып кетпесін, Жаратушысын танымай кетіп жүрмесін дегені ме, Құдекен еркектің бір жерін осал қып жаратыпты. Ол - ер адамның қуық асты безі. Оны басқа айласы табылмағандай, өңге жер құрып қалғандай, ең бір ыңғайсыз жерге қондыра салыпты. Бәтшағар, сол без сәл суыққа ұрына да, болмашы бір инфекцияға тап келсе де, қан айналысы нашарласа да, ақыр аяғы дүниедегі жалғыз аңсарына уақытылы

жолықпаса да өкпелеген баладай бұртиып, бойынан жан кеткендей былқ-сылқ бола салады. Қазақта «зәрем зәр түбіне кетті» деген тұрақты тіркес бар. Бұл дәл әлгі безге қаратылып айтылған сөз. Еркек байғұс көп күйзелсе де, қуықты қалқалап тұрған сол безі бар болғыр қызметін адал атқармай, бойкүйезденіп шыға келеді. Қысқасы, еркектің еркектігі осы пәлекетке көп тәуелді. Еркек атаулының Құдекен



осынысы үшін өкпелейтіндей де реті бар. Бірақ, амал қанша, Құдекеннің аты, Құдекен ғой, оған өкпелеуге болмайды. Сол безді жаратқанына да шүкір дейсің. Ал жаратпаса ше? Сондықтан Құдай берген байлықты, пәлен еді, түген еді демей, жүйрік баптағандай баптап, көздің

қарашығындай сақтап, аялап ұстаған жөн. Осыны қазіргі көп еркек ескере бермейді. Күндердің бір қырық күнінде өлген кесірткедей қимылсыз қалғанда «қап» деп, санын бір-ақ соғады.

Бірақ біздің ата-бабаларымыз қуық асты безінің қадірін ежелден-ақ ескерген. Бабын білген. Қауым болып еркектің осы жерінің сау болуын, жарақты жүйріктей шабыстан жаңылмауын тілеген. Сау болу үшін сан жыл тірнектеп тәжірибе жинақтаған. Сонысы және салт-дәстүрімізге айналып кеткен. Кейін ол дәстүрінің мән-мағынасын жадынан шығарып алған. Мәселен, қазақ күйеу балаға міндетті түрде төс тартады. Алайда басқа жілік емес, не себепті төс тартатынын қазіргі қазақ түсіндіре алмайды. Осы жерде өзіміз бастауыш сыныптарда әдебиет кітабынан оқып, танысқан «Ер Төстік» ертегісін еске алайықшы. Ерназар деген байдың сегіз ұлы жұт жылы қалың жылқысымен бірге ығып кетіп, сол күйі оралмай жоғалады. Күні кеше байлығы тасыған Ерназар әп-сәтте кедейленіп, тіпті ішер асқа зар болып қалады. Ашыққаны сондай, кемпірі екеуі орнынан тұруға әлдері жетпей, екеуі екі жерде сұлып жатады. Сонда дымы құрып, шалқасынан жатқан

шалдың көзі шаңырақтың күлдіреушінде керулі тұрған кер биенің төстігіне түседі. Сол төстікті асып жеген шал әлденіп, орнынан тұрады. Содан ұзамай кемпірі жүкті болып қалады. Мезгілі жеткенде кемпірі ұл туып, оның атын Төстік қояды. Осы сюжет қиялдан туғандай көрінгенімен, бұнда үлкен мән жатыр. Шаңырақта керулі тұрған басқа жілік емес, дәл осы төстіктің болуы тегін емес. Майлы төсті жеп алған шалдың жас жігіттей желігуі бекерден бекер ме? Ол желікпесе кемпірі ұзамай жүкті бола ма? Төстіктей алып ұл туа ма? Демек, бүткіл қабырғаның түйіскен жері - майлы төс етінде қуық асты безіне қуат беретін нәрлі заттектің болғаны да. Осыны бұрынғы ата-бабаларымыз білген. Білгендіктен де қызын алғалы отырған күйеу баланың қуық асты безі қуатты болсын деген ізгі ниетпен төс тартқан. Ал ол қуатты болса, шаңырақ шайқалмайтынын, ашып айтылуы әбес өкпе-реніштің аз, тіпті болмайтынын түсінген. Өмір де қызығырақ болатынын білген. Ендеше, жігіттер, виагра-миаграға жүгірмей, төстік жеп тұрындар. Өкінбейсіндер.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

## КҮЙЕУ БАЛАҒА НЕГЕ ТӨС ТАРТАДЫ?

### Общественная жизнь

В Казахстане волонтерская деятельность будет обязательно учитываться в трудовом стаже работников. Об этом сказал глава государства Касым-Жомарт Токаев на онлайн-встрече с представителями благотворительных, волонтерских организаций и бизнес-сектора, сообщает пресс-служба Акорды.

«Мы видим, как постоянно растет численность людей, напрямую и косвенно задействованных в благотворительности. Кроме того, волонтерство будет давать некоторые преимущества при поступлении в университеты и колледжи. Считаю, что на сегодняшний день это хорошие результаты.

## ВОЛОНТЕРСТВО - В ТРУДОВОЙ СТАЖ

И в этом, безусловно, большая заслуга всех вас», - сказал Касым-Жомарт Токаев.

В своем выступлении президент отметил, что в условиях пандемии благотворительность и волонтерство в нашей стране приняла общенациональный масштаб и становятся социальной нормой.

«Радует, что мы сумели сохранить традицию асар. Во время пандемии волонтеры трудились, не покладая рук, они показали пример мужества и самоотверженности. День и ночь совместно с врачами и стражами порядка добровольцы участвовали в борьбе с распространением вируса. Добрые люди оказали очень важную

поддержку общему делу. Хочу особо отметить работу фонда «Біз біргеміз», созданного по инициативе Елбасы. Это благородное дело финансово поддержали более тысячи граждан. Благодаря общей организованности и ответственности мы смогли стабилизировать ситуацию. Все это является ярким свидетельством сплоченности нашего народа», - сказал глава государства.

Президент подчеркнул, что развитие волонтерской деятельности, поддержка благотворительности и меценатства - долгосрочный приоритет государства. Год волонтера, объявленный главой государства,

объединил абсолютное большинство граждан вокруг движения добрых дел. Об этом говорит множество благотворительных и волонтерских проектов, которые появились по инициативе казахстанцев. ...

«Волонтерская деятельность не заканчивается этим годом, она, конечно же, будет продолжаться и в последующем. Поскольку волонтерская деятельность это и есть движение души, движение навстречу целям, которое ставит перед собой государство, это движение навстречу чаяниям народа», - убежден президент.

По материалам [www.kapital.kz](http://www.kapital.kz)



## ИНФОРМАЦИЯ ПО СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОМУ РАЗВИТИЮ ГОРОДА ЗА 8 МЕСЯЦЕВ 2020 ГОДА



Жизнь нашего города активно развивается и необходимо принимать меры, чтобы сделать её ещё лучше, комфортней и безопасней.

За 8 месяцев 2020 года наблюдается положительная динамика в основных сферах жизнедеятельности города.

### По экономическим показателям

Объем производства промышленной продукции за январь-август 2020 г. составил 3 321,36 млн.тенге. или 78,2 % к плану (4 244,7 млн.тенге) и 69,1 % к 2019 г. (4 807,32 млн.тенге). ИФО – 77,5 %.

Объем инвестиций в основной капитал за 8 месяцев 2020 г. – 638,43 млн.тенге или 146,1 % к плану (436,9 млн.тенге) и 202 % к аналогичному периоду 2019 г. (363,53 млн.тенге). ИФО – 172,9 %.

В том числе частные инвестиции – 209,36 млн.тенге (2019 г. – 138,6 млн.тенге). ИФО – 145,5 %.

Количество действующих субъектов

МСП составило 697 единицы или 89 % к 2019 г. (январь-август 2019 г. - 783 год.).

### Касательно бюджета

Собственные поступления в доходную часть за 8 мес. 2020 г. составили 253,0 млн. тенге или 105,3 % к плану (240,2 млн.тенге) и 129 % к 8 мес. 2019 г. (196,1 млн.тенге).

### По развитию инфраструктуры

За 8 месяцев 2020 года введено 1,9 тыс. кв. метров жилья.

37,3 км (62,1%) дорог в городе находятся в хорошем и удовлетворительном состоянии.

100% жителей города обеспечены централизованным водоснабжением.

### В социальной сфере

Численность безработных составила 374 человек или 114,4 % к аналогичному периоду 2019 г. (327 чел.). Оказано мер по трудоустройству 525 чел. или 127,7% к 8 мес. 2019 г. (411 чел.).

Приняли участие в общественных работах 253 человек или 104,5 % к августу 2019 г. (242 чел.).

На краткосрочные курсы (пере-подготовку) направлено 26 чел. или 45,6 % к 8 мес. 2019 г. (57 чел.).

Дошкольным образованием с 3-х лет и предшкольной подготовкой охвачено 100% детей.

Все школы города подключены к широкополосной сети Интернет и оснащены интерактивным оборудованием.

На 1 января 2020 года функционируют 30 спортивных сооружений. В связи с

карантинным режимом ряд городских спортивных соревнований проводятся в онлайн-режиме (шахматы, шашки и т.п.).

Физической культурой и спортом занимаются 4 135 человек или 31,99 % от общей численности населения города.

По состоянию на 01.09.2020 г. государственная адресная социальная помощь предоставлена 120 малообеспеченным семьям из 584 человек, что на 9,9 % ниже по сравнению с 2019 годом. (2019 г. – 648 чел.).

Основное направление, преобладающее в развитии сельского хозяйства города - животноводство, которое в объеме выпуска валовой продукции сельского хозяйства составило 139,9 млн. тенге или 116,1 % к плану (120,5 млн.тенге) и 117,8 % к 2019 г. (118,8 млн.тенге). ИФО – 108,7 %.

Увеличилось производство мяса всех видов скота и птицы на 1,3 %, производство молока на 13,4 %.

Увеличилось поголовье крупнорогатого скота на 10,6 %.

Снизилось производство яиц на 15,1 %.

Уменьшилось поголовье свиней на 3,5 %, овец на 21,9 %, коз на 24,8 %, птиц на 8,3 % и лошадей на 1,2 %.

### Вопросы инфляции

Продолжается работа по сдерживанию цен на социально-значимую продукцию. Заключены меморандумы о не превышении наценки на основные продукты питания с владельцами 56-и продовольственных торговых точек. С целью стабилизации цен в торговых центрах города с 5-ю предпринимателями (Абдимуталипов,

Балапанова, Коптуров, Жусупова и Нарымбетов) заключены меморандумы о не повышении стоимости аренды торговых мест.

С целью снижения цен на социально-значимые продукты питания в городе действует 4 соцмагазина (ИП Абдимуталипов С. – 3 магазина, ИП Байдильдинова – 1 магазин).

На сегодняшний день в 9-ти наиболее посещаемых объектах торговли организованы социальные полки.

С начала года всего проведено 4 с/х ярмарки, в связи с объявлением ЧП в марте 2020 г. и реализацией карантинных мероприятий проведение ярмарок временно приостановлено до снятия ограничений по массовому скоплению населения и было возобновлено 26 сентября т.г.

### В то же время, проблемными вопросами для города остаются:

-отсутствие крупных и средних предприятий бизнеса;

-дефицит квалифицированных кадров;

-отсутствие высших и средних специальных учебных заведений;

-не развитость различных отраслей экономики.

Наш город должен быть активным участником экономических и политических процессов, обеспечивая высокий уровень благосостояния и конкурентоспособности граждан, бизнеса и государства.

ГУ «Отдел экономики и финансов города Приозерск»

## ” 2020-2021 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ” БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қызметкерлердің босауын болдырмау және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында жаңа жұмыс орындарын құруға бағытталған дағдарысқа қарсы жаңа шараларды қамтитын инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, елді мекендерді абаттандыру бойынша Жұмыспен қамту жол картасы әзірленді.

Ағымдағы жылы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында

жалпы сомасы 893 300,0 мың теңгеге 10 жоба іске асырылады, оның ішінде қайта жаңарту және жөндеу:

- мәдени - әлеуметтік нысандар -1 жоба, сомасы – 51 691,0 мың теңге.

- тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықта 5 жоба – 400 420,0 мың теңгеге.

- инженерлік – көліктік инфрақұрылымында 1 жоба - 215 973,0 мың теңгеге.

- елді мекендерді абаттандыру бойынша 3 жоба – 225 216,0 мың теңгеге.

Осы инфрақұрылымдық жобалар бойынша 224 жұмыс орнын ашу жоспарлануда, оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы 111 адамды жұмысқа орналастырылады, бүгінгі күнге 9 жоба бойынша 187 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 95 адам жұмыспен қамту орталығы арқылы жолданды.

10 жобаның 1-і мәдени - әлеуметтік нысан – "Приозерск қаласының орталық ауруханасы" КМК күрделі жөндеу-101 783,0 мың теңге. Жұмыс орындарын құру –

13 болса, оның ішінде ХЖҚО арқылы жұмысқа 6 адам орналастырылды.

Бүгінгі күні 9 жоба бойынша жоспарланған нәтижелер орындалды. Жоспарланған 1 жоба бойынша конкурс өтті, шарттарға қол қойылған жоқ. Жоба басталған жағдайда барлық бекітілген жоспарлар өз нәтижесіне жетеді деген ойдамыз.

Приозерск қаласы әкімінің жанындағы жұмыспен қамту орталығы.

### Мұқтаж жандарға жәрдем

## АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТӨРТІНШІ ТОҚСАНҒА ҰЗАРТЫЛДЫ

650 мыңнан астам қазақстандық атаулы әлеуметтік көмек ІV тоқсанда автоматты түрде тағайындалады. 130 мың отбасыдағы 650 мыңнан астам қазақстандыққа, ІV тоқсанда атаулы әлеуметтік көмекті (бұдан әрі - АӘК) тағайындау, олардың мемлекеттік мекемелерге жүгінуісі автоматты түрде ұзартылады.

ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің тиісті бұйрығы ағымдағы жылдың 25 қыркүйегінде қабылданды және ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Бұл шара ауылдық әкімдіктерде және жұмыспен қамту орталықтарында адамдардың жаппай жиналуының алдын алады, осылайша азаматтардың коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупін азайтады.

Бірінші рет жүгінген кезде жұмыспен қамту орталықтарының қызметкерлері мемлекеттік органдардың ақпараттық базасында қажетті деректерді тексереді. Сонымен бірге учаскелік комиссиялар АӘК тағайындауға өтініш берушілерге мессенджерлер арқылы сауалнама жүргізеді, барып тексеріс өткізбейді. АӘК өтінімдерін жаңарту кезінде кірістердің белгілі бір түрлері ескерілмейді.

Бұған дейін АӘК алушыларына төтенше жағдай мен шектеу шараларының себебінен

II және III тоқсандарда көмек тағайындау ұзартылған болатын. АӘК жан басына шаққандағы орташа табысы отбасының әрбір мүшесі үшін аймақтық ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен азаматтарға тағайындалатынын еске саламыз. Қазақстанда аз қамтылған азаматтар қатарынан барлығы 760 мыңнан астам АӘК алушы бар.

**С.Ш. Танатарова,**  
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы



### Помощь нуждающимся

## О ПРОДЛЕНИИ АДРЕСНОЙ СОЦИАЛЬНОЙ ПОМОЩИ НА ЧЕТВЕРТЫЙ КВАРТАЛ

Более 650 тыс. казахстанцам автоматически назначают АСП в IV квартале. Более 650 тыс. казахстанцам из 130 тыс. семей автоматически продлят назначение адресной социальной помощи (далее – АСП) в IV квартале, без их обращения в госинстанции.

Соответствующий приказ министра труда и социальной защиты населения РК принят 25 сентября т.г. и вступит в силу со дня его официального опубликования.

Данная мера позволит исключить массовое скопление людей в сельских акиматах

и центрах занятости населения, таким образом минимизировать риски заражения граждан коронавирусной инфекцией.

При первичной подаче заявления сотрудники центров занятости проверяют необходимые данные в информационных базах госорганов. При этом участковые комиссии проводят обследования претендентов на назначение АСП посредством мессенджеров, не проводят выездные обследования. При продлении заявлений на АСП не учитываются определенные виды доходов.

Ранее получателям АСП пролонгировали назначение помощи во II и III кварталах в связи с действием режима ЧП и ограничительных мер.

Отметим, что АСП назначается гражданам, чей среднедушевой доход на каждого члена семьи составляет ниже 70% от регионального прожиточного минимума.

Всего в Казахстане насчитывается более 760 тыс. получателей АСП из числа малообеспеченных граждан.

**С.Ш. Танатарова,**  
главный специалист  
государственного учреждения  
«Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»





# ЕДИНОВРЕМЕННУЮ ВЫПЛАТУ КО ДНЮ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ ПОЛУЧАТ ПЕНСИОНЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ

Единоновременную выплату ко Дню пожилых людей, который в стране отмечают 1 октября, получат пенсионеры в Казахстане, передает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Министерства труда и социальной защиты населения РК.

"В рамках Дня пожилых людей в г. Нур-Султан, а также в отдельных районах Акмолинской, Актюбинской, Атырауской, Карагандинской, Мангистауской, Павлодарской, Северо-Казахстанской, Туркестанской областей будет оказана единовременная материальная помощь на сумму 2,3 млрд тенге с охватом 216,7 тыс. человек.

Как сообщалось ранее, 1 октября в Казахстане стартует месячник, приуроченный ко Дню пожилых людей. Во всех регионах республики будут проводиться мероприятия, посвященные заботе о людях старшего поколения. В их числе "дни открытых дверей" в амбулаторно-поликлинических организациях, благотворительная акция "От сердца к сердцу", в рамках которой тяжелобольным пожилым людям будут вручены продуктовые наборы, встречи в трудовых коллективах и другие", - говорится в сообщении.

По данным ведомства, в республике проживают более 2 млн пенсионеров по возрасту.

"Забота об обеспечении достойной старости каждого гражданина - одна из основных задач социальной политики Правительства. Государством на регулярной основе принимаются меры по совершенствованию пенсионного обеспе-

чения граждан. Так, с 1 января 2020 года размер солидарных пенсий в результате ежегодной индексации увеличился на 7%, рост базовой пенсии составил 5%.



Во исполнение поручения Главы государства размеры назначенных пенсий с 1 апреля т.г. дополнительно проиндексированы еще на 5%, что в совокупности обеспечило рост базовой пенсии на 10%, солидарной пенсии - на 12% по сравнению с уровнем 2019 года. В результате повышения минимальный размер совокупной пенсии (солидарная + базовая) составляет более 58 тыс. тенге, а максимальный - 128,5 тыс. тенге. Кроме того, граждане получают

пенсионные выплаты из ЕНПФ за счет своих накоплений", - сообщили в МТСЗН РК.

Отмечается также, что Министерством

труда и социальной защиты населения РК разработан Национальный план действий по улучшению положения граждан старшего поколения "Активное долголетие" до 2025 года. Его принятие позволит расширить возможности участия граждан старшего возраста в различных сферах жизни общества, а также обеспечить их качественными мерами государственной поддержки. В рамках Нацплана предусмотрено открытие цент-

## Помощь пожилым гражданам

ров активного долголетия в каждом регионе.

В настоящее время на базе 113 стационарных домов-интернатов, 58 дневных стационаров за счет местных бюджетов специальными социальными услугами охвачено более 5 тыс. лиц преклонного возраста. Отделения социальной помощи на дому обслуживают около 52 тыс. лиц пожилого возраста и инвалидов.

В целом, в течение текущего года с учетом возможностей местных бюджетов и в рамках социальной ответственности бизнеса направлено свыше 15,2 млрд тенге (из них из местных бюджетов - 14,2 млрд. тенге, за счет привлеченных средств - 1 млрд. тенге), в том числе:

- на единовременную материальную помощь ко Дню Победы в ВОВ - 7,6 млрд тенге (123,6 тыс. чел.);
- на предоставление продуктовых наборов - 1 млрд 481,1 млн тенге (233,4 тыс. чел.);
- на льготное лекарственное обеспечение - 174,2 млн тенге (40,8 тыс. чел.);
- на зубопротезирование - 142,7 млн тенге (3 тыс. чел.);
- на предоставление санаторно-курортного лечения - 1 млрд 362,3 млн тенге (19,5 тыс. чел.);
- на ремонт жилья - 46,4 млн тенге (376 чел.);
- на обеспечение топливом - 136,1 млн тенге (3,7 тыс. чел.);
- на предоставление льготного проезда на транспорте общего пользования - 740,7 млн тенге (133,9 тыс. чел.);
- на другие виды помощи - 3 498,8 млн тенге (134,0 тыс. чел.).

Источник: www.kazpravda.kz

## Коронавирус

Журда Freedom Finance Life компаниясының сарапшылары арнайы зерттеу жүргізіп, коронавирустан сақтандыру жүйесі қай елдерде қалай жасалғаны туралы жариялады.

Былтырғы желтоқсан айынан бастап COVID-19 вирусы әлемдегі ең басты мәселелердің біріне айналғаны мәлім. Worldometers дерегі бойынша қатерлі вирус дүние жүзінің 215 еліне тарап, 33 млн адамға жұқты, құрбан болғандардың саны 1 млн-нан асты. Пандемия кезінде отандық және шетелдік өмірді сақтандыру компаниялары жаңа өнім дайындап, іске қосуда. Freedom Finance ашық ақпарат көздеріндегі мәліметтерді зерттей келе, Қазақстанмен қатар АҚШ, Италия, Франция, Түркия, Литва, Украина, Ресей, Қытай, Қырғызстан және басқа да елдерде жаңа сақтандыру жүйесі жасалғаны анықталады.

АҚШ пандемияның алғашқы толқыны басталысымен қолданыстағы жүйеге COVID-19-дан және пневмониядан сақтандыруды енгізді. Сәуір айынан бастап сақтандыру полисі бар азаматтар үшін емделу 21,9-38,7 мың долларға түседі. Бұл сомаға науқастар емханада 6 күнге дейін емделе алады. Бұдан бөлек кеңес беруге 34 доллар алынатын телемедицина сервисі бар. АҚШ-та сақтандыру полисі жоқ адамдар үшін стационарда бір апта емделу құны 73,3 мың долларға түсетінін айта кету керек.

Францияның Сақтандырушылар федерациясы коронавирусты кәуілігі тұмауға және басқа жиі кездесетін респираторлық ауруларға теңестірумен шектелді. Сәйкесінше, клиенттер уақытша еңбек ету қабілетінен айырылған уақыты үшін ғана сақтандыру ақысын алады.

Пандемия қатты өршіп, адам өлімі көп тіркелген Италияда мамандар сақтандырудың бірқатар шараларын іске қосты. Мысалы, танымал еуропалық сақтандыру компаниясы Generali корпоративтік клиенттер үшін шағын және орта бизнесті, сондай-ақ ірі корпорацияларды қолдау бағдарламасын іске қосты. Аталған бағдарлама бойынша сақтандыру жағдайы туындаған кезде клиенттерге ұзақ госпитализация кезінде тәулік сайын 100 еуро мөлшерінде төленіп отырды. Оған қоса жансақтаудан кейін клиентті оңалту үшін 3 мың еуро мөл-

шерінде жәрдемақы беріледі.

Generali сақтандыру шараларынан бөлек, пандемияға қарсы күреске қолдау ретінде жалпы сомасы 100 млн еуродан астам қаржы бөліп, Халықаралық төтенше қор құрғанын да атап өткен ләзім. Аталған қаражаттың 30 млн еурасы ел халқына көмек беруге жұмсалды. Сақтандыру компаниясының қызметкерлеріне қорға қосқан үлес ретінде бірнеше жұмыс сағатын тарту ету ұсынылып, оны қызметкерлер құлшына қабылдады.



Шілде айында литвалық сақтандырушылар шетелге шығушы туристерді COVID-19-дан сақтандыруды іске қосты. Аталған бағдарламаға сәйкес клиенттің коронавирусқа шалдыққаны анықталса, компаниялар барлық қажетті медициналық шығынды өтейді, қажет болса, елге қайту шығынын да жабады. Бір айта кетерлігі, сақтандырудың баруға тыйым салынған елдерге қатысы жоқ.

Түркияда маусым айында елдегі барлық туристерді COVID-19-дан сақтандыру жүйесі енгізілді. Полис құны 13-23 еуро шамасында, ал төленетін қаржы көлемі 2-7

мың еуро аралығында құбылып тұрады. 1 маусымнан бастап елдің барлық авиакомпаниялары мен әуежайларында полисті онлайн ресімдеуге мүмкіндік жасалды.

Пандемия басталғанда Украинада сақтандыру түріне сұраныс өскені анықталды. Сөйтіп сәуір айында 10-ға жуық компания COVID-19-дан сақтандыруды іске қосты. Компаниялар полистерінің бағасында алшақтық көп - 100-1500 гривна аралығында. Сәйкесінше, төлем құны 10 мың мен 120 мың гривна аралығында.



Коронавирустан сақтандыру жүйесі Ресейде наурыз айының басында қалыптаса бастады. Ең арзан полис бағасы 2 мың 500 рубльден басталады, ең қымбаты 10 мың рубль. Коронавирус диагнозы анықталған жағдайда клиентке берілетін төлем 20-100 мың рубль мөлшерінде.

20 жыл бұрын Қытай азаматтарының үштен бірінің медициналық сақтандыруы болған екен. Қазір халқы түгелге жуық сақтандырылған. Табысына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, әр азамат медициналық қызмет пен сапалы ем алады. Коронавирус пайда болғаннан бастап

Қытай үкіметі барлық науқастың тегін емделетінін мәлімдеді. Бұл шаралар халықты медициналық көмекке уақтылы жүгіруге ынталандырды және басқаларға жұқтыру қаупін төмендетеді.

Қырғызстанда осы саладағы компаниялардың шарттарына сәйкес коронавирустан 60 жасқа дейінгі азаматтар 180 күндік мерзімге сақтандырыла алады. Полис бағасы таңдалған бағдарламаға қарай 2 мың сомнан басталады. Стационарда емделген әр тәулік үшін 1000 сомнан 2500 сомға дейін төлем жасалады.

Қазақстанда COVID-19-дан жаппай сақтандыру сәуір айында басталды. Маусым айында Corona Protect бағдарламасы бойынша Freedom Finance Life өмірді сақтандыру компаниясы бастапқы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырды.

Аталған бағдарлама бойынша ең көп сақтандыру төлемдері Алматы мен Ақтөбе қаласында төленіпті. Freedom Finance Life компаниясында төлем алған сақтандырылғандар орташа есеппен - 30-50 жаста.

Corona Protect бағдарламасы бойынша 5 мыңнан астам жеке және заңды тұлғалар полис ресімдеді. Оның полисі 6 ай бойы бүкіл әлемде қолданылады. Тиісті талап бойынша клиенттер емханаға жатқызылған жағдайда қаржылық көмек ала алады. Алда-жалда қайтыс болған клиенттерге тиесілі сақтандыру төлемі мұрагеріне беріледі. Таңдалған пакетке сәйкес сақтандыру құны 4900 теңгеден 24 500 теңгеге дейін. Ал төлемдері 100 мың теңгеден 5 млн теңгеге дейін барады.

Ерте көктемде пандемияның алғашқы толқыны келісімен-ақ Қазақстанның ішіндегі және шет мемлекеттермен арадағы ұшақ байланыстары тоқтатылғаны белгілі. Алғашқы толқын өткеннен кейін әуе рейстері қалпына келіп, шетелге қыдырушылар пайда бола бастады. Сол тұста туристік операторлардың барлығы саяхаттаушыларға міндетті түрде COVID-19-дан сақтандыру туралы талап қойды. Міндетті сақтандыру коронавирустың ауыр түрін жұқтырған туристің барлық емдеу және қатынау шығындарын жабады.

Источник: www.egemen.kz

# COVID-19: ҚАЙ ЕЛДЕРДЕ САҚТАНДЫРУ БАР?





## БЕЗОПАСНОСТЬ В ОТОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕРИОД

Наибольшее количество пожаров приходится на зимний период, когда начинается отопительный сезон.

Многие домовладельцы не соблюдают режим топки печей, стремятся с утра протопить печь так, чтобы до вечера хватало жара. В результате перенакала стенки топливников, дымоходов и труб растрескиваются, что и может быть причиной пожара.



Большинство печей кладут неквалифицированные рабочие-самоучки, которые нарушают противопожарные требования при устройстве печей и дымоходов, что создает реальную угрозу возникновения пожара и гибели людей.

Есть многоэтажные дома, при строительстве которых было предусмотрено центральное отопление. Из-за фактического отсутствия домовладельцами во многих квартирах установлены отопительные печи. Выводы дымоходов и дымовых труб произведены с грубыми нарушениями правил пожарной безопасности и строительных норм, отвод топочных газов произведен через естественную вентиляцию кухни и газовых колонок. Данные

вентиляционные каналы не рассчитаны для топочных газов и длительного температурного режима, в результате происходят растрескивание вентиляционных каналов и утечка дымовых газов, а это может привести к пожарам и гибели от угарного газа.

В целях недопущения возникновения пожаров и гибели людей в жилом секторе Отдел по ЧС города Приозерска призывает граждан соблюдать правила пожарной безопасности при устройстве и эксплуатации отопительных печей:

- печи и другие отопительные приборы должны иметь установленные нормами противопожарные разделки (отступки) от горючих конструкций, иметь без прогаров и поврежденный предтопочный металлический лист размером не менее 50x70 см (на деревянном или другом полу из горючих материалов);

- очищать дымоходы и печи от сажи необходимо перед началом, а также в течение всего отопительного сезона не реже одного раза в три месяца;

- на чердаках все дымовые трубы и стены, в которых проходят дымовые каналы, должны быть побелены.

При эксплуатации печного отопления запрещается:

- оставлять без присмотра топящиеся печи, поручать надзор за ними малолетним детям;

- располагать топливо, другие горючие вещества и материалы на печи и предтопочном листе;

- применять для розжига печей бензин, керосин, дизельное топливо и другие ЛВЖ и ГЖ;

- использовать вентиляционные и газовые каналы в качестве дымоходов;

- перекаливать печи.

М. Абюров,

Начальник ОЧС г. Приозерск  
ЧЧС Карагандинской области,  
капитан гражданской защиты

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЫНЫСЫН КЕҢЕЙТЕДІ

Мемлекетіміздің одан әрі дамып, көркейіп, гүлденуі үшін қолға алынған маңызды бастамалардың бірі – латын әліпбиіне көшу. Қашанда кемеңгерлігімен ерекшелене білген Елбасы: «2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз», – деп мәлімдеді. Бұл – заман талабына сай айтылған орынды ой.

«Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» - деген дана сөзді бүгінгі таңда «Латынсыз білім жоқ, білімсіз түгім жоқ» - деген мақалмен ауыстыруға болады. Себебі, бар ақпарат, ғылыми жаңалықтар ағылшын тілінде, латын қарпімен жарық көруде. Қазіргі кездегі басты мәселе – осы латын әліпбиіне көшу тұрғысындағы екідайлы пікірлерден арылу. «Қазақстан – 2050» Стратегиясында латын әліпбиіне 2025 жылы толық көшетіміз туралы нақты белгіленген. Елбасының «Латын әліпбиі – заман талабы» - деген сөзін басшылыққа ала отырып, әлем кеңістігіне еркін саяхаттай алатынымызға кәміл сенуіміз керек.

Латын әліпбиіне көшкен жағдайда дүниеге кең қанатын жайған ағылшын тілін меңгеру де оңайға соғады. «Үштілділік» саясатына сәйкес ағылшын тілін білу – заман талабы. Латын әліпбиіне көшу арқылы біз өз тілімізді жаңғыртамыз, арыла алмай келе жатқан жат әріптерден арыламыз. Тілімізге екінші дем береміз. Шетелмен ақпарат алмасу да ыңғайлы болады. Елбасы Жолдауына сәйкес, латын әліпбиінің қазақша баламасын дайындау тапсырылды. Латын әліпбиі турасында бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген мақалалар жарияланып жүр. Солардың көбі әліпбидің енгізілуін құптап, дұрыс

екендігін дәлелдеуде. Електен өткізіп сараптайтын да, артығын алып, кемін толықтырып, жоғын жоқтап, бүтінін түгендеп беретін де – халық. Әліпби ауыстыру, бұл – ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады. Сондықтан осындай жауапты қадамға әркім және баршаның атсалысқаны абзал. Латын графикасын үйреніп алу аса қиындық туғыза қояды деп ойламаймын. Өйткені, әлем қабылдап отырған әліпбидің жаттығы байқала қоймауы керек. Біз күнделікті өмірімізде латын графикасымен жиі бетте-бет кездесеміз. Тауарлардың көпшілігінде ақпараттық жазулар латын қарпімен берілген. Ғаламтор мен ұялы байланысты пайдаланушылар, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдері латын әліпбиі пайдаланып та жүр. Алайда, осы жұмысты жүйелеп, бір бағытқа салу үшін қазақ тілінің түбегейлі латын әліпбиіне көшуі қажет.

Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткенді, бүгінді және келешекті жалғастыратын алтын көпір. Қазіргі жазуымыз бірнеше ұрпаққа білім беріп, оларды талай биіктерге жетеледі, қазақтың әдебиетін, мәдениетін, ғылымын көтеріп, егеменді мемлекетімізге де қызмет етіп келеді. Бұл рас. Бірақ барға қанағат етуге болмайды. Бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына ену үшін Елбасының алға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру жолында жұмыла жұмыс істеуіміз керек.

Қорыта келе, «Ел бүгіншіл, менікі – ертең үшін», - деген екен Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, кемел келешек жолында жасалып жатқан ауқымды іс. Олай болса, Елбасының сындарлы саясатын қолдап, бірлік, білім, еңбекті ұштастырып, ортақ межеге қол жеткізуге атсалысуымыз керек.

Сейдікәрім Нұрсұлтан Асхат ұлы  
№2 ЖОББМ аға тәлімгері, музыка пәні мұғалімі

### Алтын күзді жырлаймыз!



Далада жел...

Таңның атар уағы,

Жапырақтар бірін-бірі қуады.

Жаз өтіпті көзді ашып-жұмғанша,

Азайыпты күннің жылы шуағы.

Қалар сайран, қалар сауық кешегі,

Ағаш біткен көйлектерін шешеді.

Тансәріде терезеден қарасам,

### КҮЗ ДЕ КЕЛІП ҚАЛЫШТЫ...

Көл тараптан сыздың лебі еседі.

Ауысады осылайша маусымдар,  
Уайымсыз мүлгіп тұрар қар шындар.  
Бәрі қалар... жыл мен заман ауысып,  
Жаратқанға қарсы тұрар қайсын бар?..

Жылжып жатқан күнге айлар  
жалғасып,

Жатыр бәрі кезегімен алмасып.  
Тіршілігі таусылмайтын өмірдің,  
Біз келеміз етегіне жармасып.

Мейлі, мейлі!..

Төбемізде тұрсын Күн,

Уақытқа тағы бүгін бір сындым.  
Қарсы келер амал-айла таба алмай,  
Шегіндім де, тереңірек күрсіндім!..

### КҮЗГІ ТҮНДЕ

Қоңыр күзде, жапырақ сарғайғанда,  
Бар айнала алтынға айнаған ба?  
Аспан бұлтты, көңілсіз болсам-дағы,  
Арманымды үмітім жалғайды алға.

Сары түске боялған дала, белім,  
Жамыраған шамдары қала керім.  
Кең қошемен аяндап келе жаттым,  
Бірдеңеге әйтеуір, алаң едім.

Қараңғы түн, жарық Ай төбемізде,  
Сан қиялға кетеміз енеміз де.  
Бүгінгіге шүкірлік етеміз де,  
Алдағыны кезінде көреміз де.

Адам болып күн кешу басқа міндет,  
Ұға алмаймыз кей сөздің астарын көп.

Айдың бетін көмкерген қара дақты,  
Тұрғаным-ай тазалап тастағым кеп.

Шабытымның қамшылап сұр-  
қасқасын,  
Ашыламын өлеңмен мұңдасқасын.  
Көйлек кірі кетер-ау сабын, сумен,  
Көңілдерді ешқашан кір баспасын.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
27.09.2020. Приозерск

### ҚЫЗЫЛБИІК

Қызылбиік Сары-арқа төріндесін,  
Кигізген басындағы бөркіндейсін,  
Жайылған қойнындағы қалың малды,  
Аяз бен боранда да өлтірмейсін.

Атыңнан айналайын Қызылбиік,  
Бойыңнан өруші еді қалың киік.  
Өзіңнің байлығың мен қазынаңа,  
Өтемің әрқашанда басымды иіп.

Халқымның бар байлығы қара жерден,  
Табиғат соны біліп теріп берген.  
Кезінде ақ даламның жондарына,  
Әлдилеп қалың қазақ егін еккен.

Қасында қазыналы Қайрақты бар,  
Ішінде орыс, қазақ, ойраты бар.  
Жеріне «Сары-Арқа» атты қала салды,  
Жастарым, жігері мен қайраты бар.

Сол кезде қилы-қилы заман болды,  
Күнкөріс, тіршілікте жаман болды.  
Үкімет бірі кетіп, бірі келіп,  
Құрылыстың бәрі аяқсыз тәмам болды.

Сен болсаң әлі тұрсың Қызылбиік,  
Тал, терек, ақ қайыңды өзін киіп.  
Құт-береке Сары-Арқа тауларында,  
Болсыншы әруақытта есең биік.

ТӨКЕН  
КӨДЕКОВ

### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда,  
(город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.  
Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),  
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15,  
Заказ № 40/684. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л.,  
формат - А2, 8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы  
обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный  
адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041